

Сарқан ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2021 жылғы 1 ақпандағы № 3-11 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2021 жылы 11 ақпанда № 5890 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 16-66 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Сарқан аудандық мәслихатының 08.12.2023 № 16-66 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Сарқан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарқан ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Сарқан аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Сарқан ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" 2013 жылғы 5 желтоқсандағы № 27-141 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2486 тіркелген, 2013 жылдың 21 желтоқсанында аудандық "Сарқан" газетінде жарияланған);

2) "Сарқан ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" 2016 жылғы 6 қыркүйектегі № 9-42 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3973 тіркелген, 2016 жылдың 14 қазанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарқан аудандық мәслихатының "Депутаттар өкілеттігі, заңдылық, заң тәртібін сақтау, әлеуметтік саясат, жастар және қоғамдық ұйымдармен байланыс жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сарқан аудандық мәслихатының
сессия төрағасы
Сарқан аудандық мәслихатының
хатшысы*

Ж. Игіман

М. Разбеков

Сарқан аудандық мәслихатының 2021
жылғы 1 ақпандағы № 3-11 шешіміне
қосымша

Сарқан ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі

Осы Сарқан ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 97-бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына (бұдан әрі – Ереже) сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ереже

1. Осы Сарқан ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде Ереженің 1-тармағында көрсетілген негізгі ұғымдар пайдаланылады.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

1) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

2) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

3) мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге арналған шығыстарға ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

4. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жеткізушілер ұсынған ай сайынғы жарналар туралы шоттарға және шығыстар сметасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

5. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық кірісінің он пайызы мөлшерінде.

2. Сарқан ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі

6. Тұрғын үй көмегі "Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - уәкілетті орган) тоқсанына бір рет көрсетіледі. Тұрғын үй көмегі өтініш берген тоқсанда құжаттарды ұсыну уақытына қарамастан ағымдағы тоқсанға тағайындалады және көрсетіледі.

7. Аз қамтылған отбасы (азамат) (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға және/немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал) Ереженің 4-тармағына сәйкес құжаттарды ұсына отырып, жүгінеді.

8. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі

Мемлекеттік корпорациядан немесе порталдан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап Ережеге сәйкес мерзімдерді құрайды.

9. Тұрғын үй көмегін алушылар уәкілетті органды тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе оның мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы олар туындаған күннен бастап хабардар етеді.

Алушылар тұрғын үй көмегін алу құқығына немесе мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы хабарламаған жағдайда, қайта есептеу келесі тоқсанда жүргізіледі (анықталған фактісі бойынша).

Артық төленген сомалары - ерікті түрде, ал бас тартылған жағдайда сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

10. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу тәртібі "Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын есептеу тәртібін бекіту туралы" 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 226 Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығына сәйкес есептеледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20498 тіркелген).

11. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде алаңның нормасы есепке алынады:

1) бір отбасы мүшесіне - пайдалы алаңның 18 шаршы метрі;

2) Қазақстан Республикасының аумағында жалғыз тұрғынжайы ретінде меншік құқығындағы тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын жалғыз тұратын азаматтар үшін - пайдаланатын алаңына қарамастан 30 шаршы метр, бірақ нақтыдан асырмай.

12. Коммуналдық қызметті тұтыну нормалары тиісті уәкілетті орган қолданатын коммуналдық қызметтерді босату нормаларына баламалы.

13. Коммуналдық қызметтерді тұтыну тарифтерін қызмет жеткізуші ұсынады.

14. Тұрғын үй көмегін тағайындағанда келесі нормалар ескеріледі:

1) газ тұтыну – сұйытылған газ орталықтандырылған газбен жабдықталған жағдайда - нақты шығындар бойынша, айына әр отбасы мүшесіне 7 килограммнан, 4 және одан да көп адамы бар отбасы үшін 20 килограммнан аспайтындай, есептеу құралдары болған жағдайда көрсеткіштері бойынша, айына әр отбасы мүшесіне 2,3 текше метр, 4 және одан да көп адамы бар отбасы үшін 6,6 текше метр, бірақ қолданыстағы нормалардан аспауы керек, пешпен жылытатын тұрғын үйде тұратын - отбасына айына 10 килограмм (1 кішкене баллон);

тағам дайындау үшін 1 адамға тауарлық газ - 10 текше метр;

тұрғын үйдің 1 шаршы метр ауданын жылытуға тауарлық газ - 7 текше метр;

2) электр энергиясын тұтыну: 1 адамға - бір айға 70 киловатт, 4 және одан да көп адамы бар отбасы үшін - бір айға 250 киловатт;

3) сумен қамтамасыз ету нормасы - әр отбасы мүшесіне, есептеу құралдары болған жағдайда - көрсеткіштері бойынша, бірақ қолданыстағы нормалардан аспауы керек;

4) кәріз - әр отбасы мүшесіне, есептеу құралдары болған жағдайда - көрсеткіштері бойынша, бірақ қолданыстағы нормалардан аспауы керек;

5) тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару - ай сайын әр отбасы мүшесіне 150 теңге;

6) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға: 1 шаршы метрге - 15 теңге;

7) қатты отынды тұтынушылар үшін: пешпен жылытатын тұрғын үйлерге - жылыту маусымына бір рет 5 тонна көмір.

Коммуналдық қызметтерді тұтыну есебіне қабылданатын шығыстар коммуналдық қызметтерді тұтынудың белгіленген нормативтерінен аспайтын, өткен тоқсандағы нақты шығындар бойынша айқындалады.

15. Қатты отынның құнын есептегенде аймақта өткен тоқсанда қалыптасқан орташа баға ескеріледі.

3. Қаржыландыру және төлеу

16. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру Сарқан ауданының бюджетімен тиісті қаржылық жылға қарастырылған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

17. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырады.

4. Қорытынды

18. Осы тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.